**Бекітемін:**
Мектеп директоры:
Кожахметов К.Е.
«____» ______ 2024ж.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Музыка пәнінің мұғалімі: Саулетхан Нурбек

2025-2026

**Түсінік хат**

Бұл перспективалық жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» 2022ж 14 қазан №422 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394-бұйрығы негізінде жоспарланып құрылды.

Күтілетін нәтижелер: музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды; сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады; қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды. Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

**Білім беру ұйымы:** Тасшалқар ЖОББММ Балаусашағын орталығы
**Балалардың жасы:** Ортаңғы топ
**Жоспардың құрылу кезеңі:**қыркүйек - мамыр

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка | **Мақсаты:** Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу.<br>**Міндеттері**:Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды; |
| Қазан | Музыка | **Мақсаты:** Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу.<br>**Міндеттері:** . Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. |
| Қараша | Музыка | **Мақсаты:**Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Міндеттері:** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |
| Желтоқсан | Музыка | **Мақсаты:** музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Міндеттері:** сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| Қаңтар | Музыка | Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. |
| Ақпан | Музыка | Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). |
| Наурыз | Музыка | Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және |

| | | |
|---|---|---|
| | | шашырап жүруге үйрету. |
| Сәуір | Музыка | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.Ересектердің орындауындағы әндерді тыңдауға үйрету. |
| Мамыр | Музыка | Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |

**Білім беру ұйымы** Тасшалқар ЖОББММ Балауса шағын орталығы
**Балалардың жасы Ересек топ**
**Жоспардың құрылу кезеңі** қыркүйек -мамыр

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка<br>*Аптасына 2 сағ* | -Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау);<br>-Ән айтуда мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып (ре-си бірінші октава шегінде), әуенімен келтіріп айту;<br>-Би қимылдарын , ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру;<br>-Таныс әндерді орындауда балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | Музыка<br>*Аптасына 2 сағ* | - Музыка тыңдауда музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу;<br>-Ән айтуда қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету;<br>-Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну;<br>-Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | Музыка<br>*Аптасына 2 сағ* | -Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру;<br>-Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту;<br>-Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту;<br>-Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау. |

| Айы | Ұйымдастырылған | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|

| | іс-әрекет | |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Музыка<br>*Аптасына 2 сағ* | -Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, катты, баяу, жылдам) үйрету;<br>-Ән айтуда әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету;<br>-Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу;<br>-Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | Музыка<br>*Аптасына 2 сағ* | -Музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шгінде) ажырата білу;<br>-Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен);<br>-Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау;<br>-Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | Музыка<br>*Аптасына 2 сағ* | -Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу;<br>-Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану;<br>-Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану;<br>-Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Наурыз | Музыка<br>*Аптасына 2 сағ* | -Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау;<br>-Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру;<br>-Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету;<br>-Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | Музыка<br>*Аптасына 2 сағ* | -музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту;<br>-Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау;<br>- Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту;<br>-Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | Музыка<br>*Аптасына 2 сағ* | -Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау;<br>-Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту;<br>-Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау;<br>-Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау. |
| **Нормативтік жүктеме** | | Аптасына 2 сағат<br>Айына 8 сағат<br>**Барлығы 68 сағат** |

**Білім беру ұйымы:Тасшалқар ЖОББММ**
**«Балауса» шағын орталығы**
**Балалардың жасы:Кіші топ**
**Жоспардың құрылу кезеңі қыркүйек - мамыр**

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка | **Музыка тыңдау**<br>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.<br>**Ән айту**<br>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. |
| Қазан | Музыка | **Музыка тыңдау:** тыныш және қатты дыбыстарды, музыкалық шығармалардың сипатын (тыныш және көңілді әндер, пьесалар)ажырата білуге үйрету<br>**Ән айту:** әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық фразалардың аяқталуын бірге айтуға, ересек адамның дауысы мен аспаптың интонациясына бейімделуге шақыру.<br>**Музыкалық-ритақты қозғалыстар:** Музыкамен әр түрлі кейіпкерлердің қимылдарын орындауға үйрету (құс ұшып кетті және т.б.), ойындар мен әндерде сахналау.<br>Музыкалық аспаптармен қимылдарды орындау дағдысын дамыту: (дабыл, барабан,маракас). |

| | | |
|---|---|---|
| Сәуір | | **Музыка тыңдау**<br>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>**Ән айту**<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. |
| Мамыр | Музыка | **Музыка тыңдау :**<br>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру.<br>**Ән айту:** Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерінайналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. |

| | | |
|---|---|---|
| Қаңтар | Музыка | **Музыка тыңдау** Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.) дыбыстарымен таныстыру<br>**Ән айту**<br>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айтуды қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Заттармен қимылдарды орындау дағдысын дамыту: дабыл, сылдырмақ және т. б. |
| Ақпан | Музыка | **Музыка тыңдау:**<br>Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу (баяу және көңілді әндер)дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ән айту:**<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру..<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынанкелесіге өту жәнеқимылдарды бере білуді жалғастыру. |
| Наурыз | Музыка | **Музыка тыңдау**<br>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.<br>**Ән айту**<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Музыканың қарқыны мен әннің мазмұнына сәйкес қозғалыс сипатын өзгертуге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| Қараша | Музыка | **Музыка тыңдау**<br>Тыныш және катты дыбыстарды, музыкалық шығармалардың сипатын (тыныш және көңілді әндер) ажырата білуге, әннің мағынасын түсіну дағдыларын калыптастыруға және қоңыраулардың, фортепианоның жоғары және төмен дыбыстарын ажырата білуге, әртүрлі музыкалық аспаптарда таныс әуендерді тыңдауға, осы әуендерді тануға үйретуді жалғастыру.<br>**Ән айту**<br>Ересек адамның дауысы мен аспаптың интонациясына бейімделіп, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға .жалғастыру.<br>Жеке және топтық ән айту, әуеннің ритағы мен жеке интонациясын дұрыс жеткізу қабілетіне үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; |
| Желтоқса н | Музыка | **Музыка тыңдау:** әннің мағынасын түсіну дағдыларын калыптастыруды жалғастыру және қоңыраулардың, фортепианоның жоғары және төмен дыбыстарын ажырата білуге, әртүрлі музыкалық аспаптарда таныс әуендерді тыңдауға, осы әуендерді тануға үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Жеке және топтық ән айту, әуеннiңмағы мен жеке интонациясын дұрыс жеткізу дағдыларын үйретуді жалғастыру. Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық фразалардың аяқталуын біргеайтуға, ересек адамның дауысы мен аспаптың интонациясына бейімделуге шақыру<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Қарапайым би қимылдарын орындауды жалғастырыңыз: колдарыңызбен айналдырыңыз, қолдарыңызды шапалақтаңыз, аяқтарыңызды таптаңыз, еңкейіңіз, аяғыңыздан аяғыңызға тербеліңіз, айналдырыңыз; денеңізді айналдырыңыз, басыңызды еңкейтіңіз, қолдарыңызды бұлғаңыз. |